Керімбек Жылбек Сенбекұлының «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі (XIXғ.соңы -XXғ.басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Жылбек Сенбекұлы Керімбек "Түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі(XIX ғ.соңы - XX ғ.басы)" тақырыбын магистратурада оқып жүрген кезінен бастап зерттеуге кірісті. Ол диссертация жазу барысында көптеген әдебиеттермен танысып, тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық және практикалық конференциялар мен симпозиумдарда баяндамалар жасап, ғылыми басылымдарда мақалалар жариялады. Оның диссертациялық жұмысында түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі тақырыбы кеңінен қарастырылып, ой-пайымдар, тұжырымдар ортаға салынды. Еңбекте баяндау, жинақтау, текстологиялық, түсіндірмелі, жүйелі-кешенді, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Зерттеу негізі болып отырған мәселе алуан қырлы, көп салалы. Осыған байланысты зерттеуде әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістерімен қатар аударматануға қатысты тілдік зерттеу принциптері де назарға алынды.

Диссертация жұмысын орындау барысында диссертант еңбекқорлығын, ізденімпаздығын, алға қойған мақсат-міндеттеріне жетуге ұмтылысын атап өткім келеді. Ғылыми жұмыстың нәтижесінен ізденушінің ғылыми талапқа сәйкес қойылған міндеттерді мейлінше зерделеп, орындағанына көз жеткізуге болады.

Диссертацияның құрылымын негізгі тақырыпты ашуға жан-жақты бағытталған тақырыптар құрап тұрғандықтан, ой-тұжырымдар да өзара сабақтастып жатыр. Еңбектің ғылыми-теориялық деңгейі жоғары. Соған сәйкес диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алынған нәтижелері өзара үндесіп, бір-бірінен туындап отыр.

Диссертациялық жұмыстың айқындалған нәтижелері бойынша төмендегідей тұжырымдар ұсынылды: исламға дейінгі қазақ даласында тараған шаманизм, тәңіршілдік және тағы басқа да діни-демонологиялық

аңыз-әңгімелердегі діни образдар мен персонаждар сараланып, бір жүйеге келтірілді.

Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен жаңалықтар теориялық және практикалық сипатта қазақ әдебиеті тарихы бойынша ғылыми ізденістерге қол жеткізілген. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен тұжырымдарын жоғары оқу орындарының филология факультетінде жалпы таңдау курстары немесе практикалық сабақтар ретінде пайдалануға болады.

Керімбек Жылбек Сенбекұлының «Түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі (XIX ғ.соңы -XX ғ.басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын жоғары бағалай отырып, оның PhD докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға жауап береді және "6D021400 – Әдебиеттану" мамандығы бойынша философия докторы(PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші,

филология ғылымының докторы,

ҚР ҰҒА академигі У.Қ.Қалижанов

қолын растаймын КАДР БӨЛІМІ

«___» ____ 2022 ж. Қолы